

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 13 шілде N 967. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.11.19. N 1405 қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Заң күші бар Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеу тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1995 жылғы 13 шілдедегі

N 967 қаулысымен

бекітілген

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін

алым төлеу тәртібі туралы

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы Ережелер

1. Осы Ереже "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2198 Жарлығына, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Жарлығына, "Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің" Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (жалпы бөлім) күшіне енгізу туралы" 1994 жылғы 27 желтоқсандағы N 269 қаулысын жүзеге асыру жөніндегі

шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 27 сәуірдегі N 564 қаулысына сәйкес әзірленді және күшіне енгізіледі.

2. Ереже заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) үшін алымды төлеу мен есепке енгізудің, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің дубликатын берудің тәртібін белгілейді.

3. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу құрылып жатқан заңды тұлғалардың құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкестігін тексеруді, оларға тіркеу нөмірін бере отырып мемлекеттік тіркеу туралы куәлік берілуін, заңды тұлғалар туралы мәліметтерді бірыңғай мемлекеттік тіркелімге е н г і з у д і қ а м т и д ы .

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді Қазақстан Республикасының

Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдары жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік тіркеуден өткен заңды тұлға, мемлекеттік тіркеуден кейін 10 күн мерзімнен кешіктірмей салық органында салық төлеуші ретінде тіркелуге міндетті.

II. Алым төлеушілер

5. Қазақстан Республикасы аумағында құрылатын заңды тұлғалар, өздерінің құрылу мақсатына, өз қызметінің түрі мен сипатына, қатысушылар құрамына қарамастан мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) үшін алым төлеушілер болып табылады.

III. Алым төлеуден босату

6. Тіркеу және қайта тіркеу кезінде тіркеу алымын төлеуден мыналар босатылады:

Азаматтық Кодекс (жалпы бөлім) күшіне енгенге дейін құрылған және Азаматтық Кодексте (жалпы бөлім) көзделген ережелерге сәйкес 1996 жылдың I қаңтарына дейін әділет органдарында қайта тіркеуге жататын заңды тұлғалар;

Азаматтық Кодекс (жалпы бөлім) ресми түрде жарияланғанға дейін Азаматтық Кодексте (жалпы бөлім) көзделмеген ұйымдық-құқықтық нысандарда құрылған және Азаматтық Кодексте (жалпы бөлім) көзделген ұйым-құқылық нысандарда қайта құрылуға жататын заңды ұйымдар 1998 жылғы I қаңтарға д е й і н .

IV. Алым ставкалары

7. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алым заңды тұлғалардың, жарғылық қоры құнының 0,1 проценті мөлшерінде алынады, бірақ ол алым төлеген күнгі есептік көрсеткіштің жиырма еселенген мөлшерінен кем болмайды.

ЕСКЕРТУ. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.09.

№ 987 қаулысымен.

8. Заңды тұлғаларды мемлекеттік қайта тіркеу және оларға тіркелгені үшін куәліктің дубликатын беру алымы негізгі ставканың 50 проценті мөлшерінде алынады.

Жарғылық қор мөлшерінің өзгеруіне байланысты қайта тіркеу үшін алынатын алым мөлшері жарғылық қор мөлшері ұлғайтылатын сомаға қарай есептеледі.

V. Алымды төлеу тәртібі мен мерзімдері

9. Заңды тұлғалар мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу, сондай-ақ тіркеу туралы куәліктің дубликатын беру үшін алымды тіркеу (қайта тіркеу) туралы өтініш бергенге немесе дубликатты бергенге дейін дербес төлейді.

Жарғылық қоры шетел валютасымен айқындалатын шетелдің қатысуындағы кәсіпорын тіркеу (қайта тіркеу) немесе дубликатты беру үшін алымды өтініш берген күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің алым төлеу күні қолданылатын ресми бағамы бойынша теңгемен, осы Ереженің 7 және 8 тармақтарында белгіленген ставка бойынша есептеп, төлейді.

10. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік дубликатын беру үшін есептелген алым жергілікті бюджеттің кірісіне енгізіледі.

11. Тіркеуші органға заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу

(қайта тіркеу), заңды тұлғаларды тіркеу туралы куәліктің дубликатын бергені үшін алым төленгені туралы квитанция немесе төлем тапсырмасының көшірмесі табыс етіледі.

12. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) бас тартқан кезде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) үшін төленген алым қайтарылуға жатпайды.

13. Осы Ереженің 6 тармағында белгіленген жағдайлардан басқа кезде алым сомасын төлемей тіркеуді жүзеге асыруға (қайта тіркеуге) тыйым салынады.

VI. Төлеушінің жауапкершілігі

14. Алымды дұрыс әрі уақтылы төлеу жауапкершілігі төлеушіге жүктеледі.

15. Тіркелмеген заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салынады, ал мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өтпеген қызметтен алынатын табыстар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес республикалық бюджеттің кірісіне алынады.

VII. Заңды тұлғаларды тіркеу үшін алым төлеуге бақылау жасау

16. Бюджетке алымды толық төлеуге және уақтылы аударуға бақылау жасауды салық қызметінің органдары жүзеге асырады.